

Ақсу ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 2 ақпандағы № 45 қаулысы . Алматы облысы Әділет департаментінде 2018 жылы 19 ақпанда № 4525 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 24 қыркүйектегі № 385 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 24.09.2019 № 385 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Ақсу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақсу ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ананың төлемақысының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Ақсу ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулыны Ақсу ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастыруын;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен кейін он жұмыс күні ішінде Ақсу ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру, мемлекеттік-құқық бөлімшесіне осы тармақтың 1), 2), 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Ақсу ауданы әкімдігінің "Ақсу ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" 2014 жылғы

08 қазандағы № 551 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2897 тіркелген, 2014 жылдың 08 қарашада "Ақсу Өңірі" аудандық газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Сабырбаев Аамандос Акишевичке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақсу ауданының әкімі

А. Далбагаев

Ақсу ауданының әкімдігінің 2018 жылғы "02" ақпан "Ақсу ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" № 45 қаулысына қосымша

Ақсу ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшері

№	Атауы	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Мектепке дейінгі ұйымдар ата-аналарының төлемақы мөлшері (айына/тенге)	
			3 жасқа дейін	3 жастан- 7 жасқа дейін
1.	Ақсу ауданы әкімдігінің "Ай-Жұлдыз балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	140	-	8500
2.	Ақсу ауданы әкімдігінің "Күншуақ балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	75	-	6000
3.	Ақсу ауданы әкімдігінің "Нұршуақ балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	120	-	7500
4.	Ақсу ауданы әкімдігінің "Бөбек балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	140	-	7500
5.	Ақсу ауданы әкімдігінің "Таң Шолпаным балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	115	-	7500
6.	Ақсу ауданы әкімдігінің "Кәусар балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	280	-	6500
7.	Ақсу ауданының әкімдігінің "Қарлығаш балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	140	-	8000
8.	Ақсу ауданының білім бөлімі "Төлеген Тоқтаров атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	-	6000

9.	Ақсу ауданының білім бөлімі "Шоқан Уалиханов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	-	5000
10	Ақсу ауданының білім бөлімі "Кенжыра орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	-	5000
11	Ақсу ауданының білім бөлімі "Нұрсұлтан Есеболатов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ГЭС бастауыш мектебін қосқанда	50	5000	5000
12	Ақсу ауданының білім бөлімі "Қуат Терібаев атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	50	5500	5500
13	Ақсу ауданының білім бөлімі "Барлыбек Сырттанов атындағы орта мектеп, мектепке дейінгі шағын орталығымен" Қызылжар бастауыш мектебін қосқанда коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	-	6000
14	Ақсу ауданының білім бөлімі "Көшкентал орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	-	5000
15	Ақсу ауданының білім бөлімі "Алажиде негізгі орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	-	5500
16	Ақсу ауданының білім бөлімі "Мұхтар Әуезов атындағы негізгі орта мектеп, мектепке дейінгі шағын орталығымен" мемлекеттік коммуналдық мекемесі	25	-	5500
17	Ақсу ауданының білім бөлімі "Ғани Муратпаев атындағы орта мектеп, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	-	3900
18	Ақсу ауданының білім бөлімі "Ілияс Жансұгуров атындағы орта мектеп, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	-	5500
19	Ақсу ауданының білім бөлімі "Жаңатілеу орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	25	-	5000
20	"Арай" мемлекеттік және жекеменшік серіктестігі балабақшасы	50	-	10000